

*«Алтыналмас АҚ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін  
жалғыз акционер болып табылатын Ақылда Ермақовпен шешіммен  
Белгіленді  
(2011 жылғы 14 қарашаның шешімі)*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӨДІЛЕТ  
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ  
ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ  
БАСҚАРМАСЫ

2011 ж. «29» 11

ЗАНДЫ ТҰЯҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 950640000810  
Алғашқы тіркелген күні

2011 ж. «29» 11 жүргізілді  
№133-1979-01-АА

**«АЛТЫНАЛМАС АҚ»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

**ЖАРҒЫСЫ**

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.  
2011 жыл

## **1-БАП ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. «Алтыналмас АК» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібін және оның органдарының құзыретін, оның қызметін қайта құру мен тоқтатудың шарттарын, сонымен қатар оның бекітілу күніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі – «Заңнама») қайшы келмейтін басқадай ережелерді белгілейді.
- 1.2. Қоғамның барлық органдары, сонымен қатар оның акционерлері осы Жарғының талаптарын орындауға міндетті. Егер Заңнаманың өзгеруі нәтижесінде осы Жарғының жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының қабылданған нормативті-құқықтық актілеріне қайшы келетін болса, ондай ережелердің күші жойылады және Қоғамның Жарғысына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізгенге дейін қолданыстағы Заңнаманың нормалары қолданылуға тиіс.

## **2-БАП ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

- 2.1. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:	«Алтыналмас АК» акционерлік қоғамы
орыс тілінде:	Акционерное общество «АК Алтыналмас»
ағылшын тілінде:	Joint Stock Company «AK Altynalmas»

Қоғамның қысқаша атауы:

мемлекеттік тілде:	«Алтыналмас АК» АҚ
орыс тілінде:	АО «АК Алтыналмас»
ағылшын тілінде:	JSC «AK Altynalmas»

- 2.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 080012, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 111, 212 кеңсе.

## **3-БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

- 3.1. Қоғам Заңнамаға сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктік шоттары бар, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар ала және жүзеге асыра алады және міндеттер атқара алады, сонымен қатар сотта талапкер және жауапкер бола алады.

- 3.2. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша тек өзіне тиесілі мүліктің шектерінде ғана жауапкершілік алады.
- 3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 3.4. Қоғам ірі кәсіпкерліктің субъектісі болып табылады.
- 3.5. Қоғам өзінің қызметін Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес, сонымен қатар, Қоғамның басқару органдарының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.
- 3.6. Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, атауы көрсетілген бланкілері мен өзге реквизиттері бар.
- 3.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатыса алады.
- 3.8. Қоғам Заңнамада қарастырылғандай, олардың жағдайларының негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша заңды тұлға болып табылмайтын, белгіленген жерде орналаспаған оқу орталығы, зертханалар, бөлімше (өкілеттілік) құруға құқылы.

#### **4-БАП** **ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ**

- 4.1. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:
  - асыл (бағалы) металдарды өндіру;
  - бағалы металдар мен басқа пайдалы қазбаларды өндіру, оларды қайта өңдеу;
  - кенсіз материалдарды өндіру;
  - геологиялық барлау жұмыстары;
  - жобалық және құрылыс-монтаж жұмыстары;
  - Қоғамның қаражаттары мен инвестициялар тарту есебінен бағалы металдарды барлау, өндіру мен қайта өңдеу саласында ғылыми-зерттеу, жобалық және іздестірушілік жұмыстарды, өндірістер салуды және қайта жасауды қаржыландыру;
  - сауда-саттық, соның ішінде экспорттық-импорттық операциялар; және
  - қолданыстағы Заңнамамен тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлері.
- 4.2. Тізімі Заңнамада белгіленген қызметтің жекелеген түрлерімен Қоғам тек Қазақстан Республикасының уәкілеттендірілген мемлекеттік органдары тарапынан берілетін лицензиялар мен рұқсаттардың негізінде айналыса алады.

#### **5-БАП** **ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ**

- 5.1. Қоғамның мүлкі Қоғамның акцияларын төлеуге акционерлер берген мүліктің, Қоғамның қызметі нәтижесінде алынған табыстардың және Қоғам Заңнамамен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алатын өзге мүліктің есебінен құрылады.
- 5.2. Қоғам өз акционерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікті иеленеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## **6-БАП**

### **ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

- 6.1. Қоғам шығарылу, орналастырылу, айналысқа түсуі мен өтелу шарттары мен тәртібі Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес белгіленетін жай және артықшылықты акцияларды, облигацияларды, сонымен қатар өзге бағалы қағаздарды, оның ішінде айырбасталатындарын шығаруға құқылы.
- 6.2. Қоғамның жай акциясы акционерге мынадай құқық береді:
  - 6.2.1. дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі – «Жалпы жиналыс») қатысу; және
  - 6.2.2. Заңнамада белгіленген тәртіппен Жалпы жиналыстың сәйкес шешімінің негізінде дивидендтер, сонымен қатар Қоғам таратылатын жағдайда, Қоғам мүлкінің бөлігін алу.
- 6.3. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иегеріне мынадай құқықтар береді:
  - 6.3.1. акционерлер, жай акцияларды ұстаушылар алдында жылына бір артықшылықты акцияға 500 (бес жүз) теңге ең төменгі кепілді мөлшерде дивидендтер алуға артықшылықты құқық; және
  - 6.3.2. Қоғам таратылған жағдайда, Заңнамада белгіленген тәртіппен мүліктің бөлігін алу құқығы.
- 6.4. Артықшылықты акциялардың иегерлері тек шешімдері артықшылықты акциялар иегерлерінің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелер, Қоғамды қайта құру немесе тарату мәселелері қаралатын жағдайларда ғана, сонымен қатар осы Жарғының 8.4. тармағына сәйкес дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленбеген жағдайда, қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысқа қатысуға және онда қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға, сонымен қатар Жалпы жиналыста дауыс беруге құқылы. Артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімдер тек (сатып алынғандарды шегергендегі) орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде 2/3 (үштен екі) бөлігі шектеулерді қолдап дауыс берген жағдайда ғана қабылданған деп саналады.

## **7-БАП**

### **АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 7.1. Қоғам акционерінің:

- 7.1.1. осы Жарғыда және Заңнамада көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 7.1.2. осы Жарғыда және Заңнамада көзделген тәртіппен дивидендтер алуға;
  - 7.1.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалпы жиналыста немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
  - 7.1.4. Қоғамның тіркеушісінен және/немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
  - 7.1.5. Жалпы жиналысқа Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
  - 7.1.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
  - 7.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 7.1.8. Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;
  - 7.1.9. Заңнамада белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
  - 7.1.10. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңнамада қарастырылған, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды тұлғаларының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың қосылма тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге болады; және
  - 7.1.11. осы Жарғыда, Заңнамада көзделген басқадай құқықтарды жүзеге асыруға құқықтары бар.
- 7.2. Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10% (он пайызын) немесе одан астамын иеленетін акционер (немесе араларында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін бірнеше акционер) (ірі акционер):
- 7.2.1. кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыруды талап етуге немесе директорлар Кеңесі Жалпы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
  - 7.2.2. директорлар Кеңесіне осы Жарғыға және Заңнамаға сәйкес Жалпы жиналыстың күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
  - 7.2.3. Қоғамның директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

- 7.2.4. кез келген уақытта өзінің қалауымен және өзінің есебінен Қоғамның қызметіне аудиторлық тексеруді тағайындауға құқылы.
- 7.3. Қоғамның акционері:
- 7.3.1. Жарғыда және Заңнамада көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
- 7.3.2. осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеушіге немесе нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;
- 7.3.3. Қоғамның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеуге;
- 7.3.4. Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.
- 7.4. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды және акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, және Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін, Заңнамада көзделген жағдайларды есептемегенде, өздеріне тиесілі акциялар құнының шектерінде алады.

## **8-БАП**

### **ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУДІҢ ТӘРТІБІ**

- 8.1. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің қолданыстағы стандарттарына сәйкес анықталатын Қоғамның таза табысы Жалпы жиналыс тарапынан белгіленетін тәртіппен бөлінеді. Бөлінбеген таза табыс немесе оның бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалпы жиналыстың шешімімен көзделген өзге мақсаттарға жұмсала алады.
- 8.2. Қоғам тоқсанның, және/немесе жарты жылдың, және/немесе жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы. Жай акциялар бойынша жылдық дивидендтер және аралық (тоқсандық, жарты жылдық) дивидендтер төлеу, дивидендтердің мөлшері мен олардың төлеу нысаны туралы шешімді Жалпы жиналыс қабылдайды. Дивидендтерді төлеу туралы шешімде Заңнамамен белгіленген мәліметтер болуға тиіс.
- 8.3. Жалпы жиналыс кез келген есептік кезең ішінде жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл орайда ондай шешім қабылданған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға міндетті.
- 8.4. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу әрбір тоқсанның қорытындылары бойынша тиісті тоқсан аяқталғаннан кейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады және осы Жарғының 8.5. тармағында көрсетілген жағдайларды есептемегенде, Жалпы жиналыстың шешімін талап етпейді. Бұл орайда, артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері дәл сол кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы керек.
- 8.5. Мынадай жағдайларда:

- 8.5.1. өзіндік капитал аз болғанда немесе егер Қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде аз болып қалса; және
- 8.5.2. Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігінің немесе дәрменсіздіктің нышандарына сай келсе немесе аталған нышандар Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде пайда болса, Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге рұқсат етілмейді.
- 8.6. Дивидендтерді төлеу кезінде бірінші кезекте артықшылықты акциялар бойынша, содан соң жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді. Артықшылықты акциялардың иегерлеріне төленуге тиісті дивидендтерді толық төлемегенге дейін жай акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.
- 8.7. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай төленеді. Жалпы жиналыстың шешімімен дивидендтер Қоғамның бағалы қағаздарымен төлене алады, бұл орайда ондай төлем, акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, Қоғамның жарияланған акцияларымен және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылуы шарт. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге рұқсат етілмейді. Төленбеген дивидендтері бар акцияны иеліктен шығару кезінде, егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзге ереже көзделмесе, акцияның жаңа иегері ондай дивидендтерді алу құқығына ие болады.

## 9-БАП

### ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫ

- 9.1. Қоғам өзінің директорлар Кеңесінің шешімімен:
- 9.1.1. акционердің келісімімен оларды кейін сату мақсаттарында немесе Заңнамаға және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге мақсаттарда; және
- 9.1.2. акционердің талабымен, Заңнамада қарастырылған жағдайда ұсынылуы мүмкін.
- Қоғам сатып алатын акциялардың саны, егер Заңнамада өзге ереже белгіленбесе, орналастырылған акциялардың жалпы санының 25% (жиырма бес пайызынан) аса алмайды.
- 9.2. Акцияларды сатып алу Жалпы жиналыс бекітетін Қоғам тарапынан сатып алу кезінде акциялардың құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес Заңнамада және осы Жарғыда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
- 9.3. Қоғам акцияларды сатып алуға жұмсайтын қаражаттарының жалпы сомасы Қоғамның акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күніндегі немесе акцияларды сатып алуды талап ету құқығы пайда болған күніндегі Қоғамның өзіндік капиталының 10% (он пайызынан) аспауы керек.
- 9.4. Сатып алу туралы талаптар мәлімденген және/немесе сатып алу туралы ұсыныстар жасалған акциялардың жалпы саны Қоғамның сатып ала алатын акциялар санынан асатын жағдайда, осы Жарғының 9.1. және 9.3. тармақтарында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына парапар мөлшерде сатып алынады.

- 9.5. Қоғам сатып алған акциялар Жалпы жиналыстың кворумын анықтау кезінде есептелмейді және онда дауыс беруге қатыспайды, олар бойынша дивидендтер есептелінбейді және төленбейді.

## **10-БАП**

### **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ**

- 10.1. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жасау, жүргізу және сақтау Қоғамның тіркеушісі тарапынан жүзеге асырылады. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу шарты Қоғамның директорлар Кеңесі тарапынан бекітілуге тиіс.
- 10.2. Акционерлер осы Жарғының 7.3.2. тармақшасында көрсетілген ақпаратты бермеген жағдайда Қоғам және/немесе тіркеуші көрсетілген ақпараттың берілмеуі салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен босатылады.

## **11-БАП**

### **ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

- 11.1. Қоғамды басқаруды Қоғамның органдары жүргізеді.
- 11.2. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:
- 11.2.1. Жоғарғы орган – Жалпы жиналыс, ал Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болған жағдайда, сол акционер;
  - 11.2.2. Басқару органы – директорлар Кеңесі; және
  - 11.2.3. Атқарушы орган – Басқарма.
- 11.3. Қоғамның органдары осы Жарғының, Заңнаманың, барлық ережелерін ескере отырып, Қоғамды басқаруды жүзеге асыруы қажет.
- 11.4. Директорлар Кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері мен Қоғамның өзге жұмыскерлері өздерінің кәсіби міндеттерін Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделеріне орай қамқорлықпен және сақтықпен, мүдделер жанжалын болдыртпайтындай адал және орынды атқаруы қажет.

## **12-БАП**

### **АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

- 12.1. Қоғамның жоғарғы басқару органы Жалпы жиналыс немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иемденетін акционер болып табылады. Жалпы жиналыс өзінің қызметінде және шешімдер қабылдау кезінде Заңнаманы және осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 12.2. Жыл сайын жылдық Жалпы жиналыс (бұдан әрі – «Жылдық Жалпы жиналыс») өткізіледі, оны директорлар Кеңесі әрбір қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде шақырады. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.



- 12.3. Егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса, Қоғам Жалпы жиналысты өткізбейді. Заңнамамен және осы Жарғымен Жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді акционер жеке өзі қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс; бұл орайда ондай шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарды кемітпейді және шектемейді.
- 12.4. Жылдық Жалпы жиналыстан басқа кезектен тыс Жалпы жиналыстар (бұған әрі – «Кезектен тыс Жалпы жиналыс») шақырыла алады. Кезектен тыс Жалпы жиналыс Директорлар кеңесінің немесе жалғыз өзі не жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10% (он пайызын) және одан астамын иеленетін акционерлердің бастамасымен шақырылады. Егер Қоғам ерікті таратылу жағдайында болса, Кезектен тыс Жалпы жиналыс тарату комиссиясы тарапынан шақырыла алады.
- 12.5. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
- 12.5.1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - 12.5.2. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 12.5.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 12.5.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 12.5.5. қажет болған жағдайда, есеп комиссиясын құру, сандық құрамын және өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 12.5.6. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
  - 12.5.7. директорлар Кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктер мерзімін, сандық құрамын белгілеу, директорлар Кеңесінің мүшелерін, соның ішінде директорлар Кеңесінің Төрағасын сайлау және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 12.5.8. «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
  - 12.5.9. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
  - 12.5.10. Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
  - 12.5.11. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
  - 12.5.12. Жалпы жиналысты шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;

- 12.5.13. Қоғам акцияларды сатып алатын жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес ондай әдістемеге енгізілетін өзгертулерді бекіту;
- 12.5.14. Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібін бекіту;
- 12.5.15. жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жылдың, немесе, орынды болғанда, тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 12.5.16. осы Жарғыға және Заңнамаға сәйкес Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12.5.17. Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25% (жиырма бес пайызын) және одан астамын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін салу арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 12.5.18. көрсетілген мәмілелердің баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге баламалы сомадан асатын жағдайда, Қоғамның директорлар Кеңесі тарапынан бекітілген Қоғамның сәйкес қаржылық жылға арналған бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын ірі мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 12.5.19. Қоғам жасасуға мүдделі және көрсетілген мәмілелердің баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге баламалы сомадан асатын жағдайда, Қоғамның директорлар Кеңесі тарапынан бекітілген Қоғамның сәйкес қаржылық жылға арналған бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын ірі мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 12.5.20. көрсетілген мәмілелердің баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге баламалы сомадан асатын жағдайда, Қоғамның директорлар Кеңесі тарапынан бекітілген Қоғамның сәйкес қаржылық жылға арналған бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын кез келген мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын (оның ішінде, шектеусіз, кез келген жылжытын және жылжымайтын мүлікке, қатысу үлестеріне, бағалы қағаздарға, мүліктік құқықтарға және қызметтерге қатысты мәмілелер) Қоғамның жасасуы жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 12.5.21. Қоғамның кез келген жер қойнауын қолдану құқықтарын сатып алу, иеліктен шығару және/немесе өзгерту туралы шешімдер қабылдау;

- 12.5.22. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін белгілеу, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
- 12.5.23. Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінулерін қарау және ондай қараудың қорытындылары туралы хабарлау;
- 12.5.24. Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау; және
- 12.5.25. осы Жарғымен және Заңнамамен Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
- 12.6. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне Қоғам қатысушысы/акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қызметіне байланысты, осы Жарғының 12.5. тармағында көрсетілген мәселелерге (оның ішінде жасалатын мәмілелердің ақшалай шамалары) ұқсас барлық мәселелер де жатады.
- 12.7. Осы Жарғының 12.5.1., 12.5.2., 12.5.3. және 12.5.4. тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Жалпы жиналыс тарапынан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кем дегенде 3/4 (төрттен үш) бөлігіндегі білікті көпшілік дауыспен қабылданады. Барлық қалған мәселелер бойынша шешімдер жиналысқа қатысып отырған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санындағы дауыстардың көпшілігімен қабылданады.
- 12.8. Қоғамның тіркеушісі Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейтін күнгі Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі деректер негізінде жасайды.
- 12.9. Акционер Жалпы жиналысқа жеке өзі немесе Заңнамаға сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет ететін өкіл арқылы қатысуға және онда дауыс беруге құқылы. Қоғам органының мүшелері, және басқа да Қоғам жұмысшылары жалпы акционерлер жиналысына өкіл болып қатысуға құқытары жоқ..
- 12.10. Қоғам барлық акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы оның өткізілетін күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Жарғының 17.4. тармағына сәйкес белгіленетін Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында Жалпы жиналыстың шақырылуы мен өткізілуі туралы хабарландыру жариялау немесе акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлауға міндетті. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Жалпы жиналыстың шақырылуы мен өткізілуі туралы жазбаша хабарландыру Қоғамның тіркеушісі берген мекен-жай бойынша уақтылы тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы тиісті акционерге хабардар етіледі.
- 12.11. Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарландыру Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді.
- 12.12. Кезектен тыс Жалпы жиналыс ірі акционердің талабымен шақырыла алады. Ондай талап директорлар Кеңесіне Басқарманың орналасқан жеріне жазбаша хабарландыру жіберу арқылы қойылуы қажет, ондай хабарландыруда Жалпы жиналыстың күн тәртібі көрсетілуі керек. Ірі акционердің талабымен шақырылатын Жалпы

жиналыстың күн тәртібі мәселелерін тұжырымдауға өзгертулер енгізуге және Жалпы жиналысты өткізу туралы ұсынылған тәртіпті өзгертуге директорлар Кеңесінің құқығы жоқ. Директорлар Кеңесі өзінің қалауымен Жалпы жиналыстың күн тәртібін кез келген мәселелермен толықтыра алады. Кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы талапта ондай жиналыстың өткізілуін талап ететін акционерлердің (акционердің) аты-жөндері (атаулары) және оған (оларға) тиесілі акциялардың саны, түрі, олардың (оның) пошталық мекен-жайлары көрсетілуі керек және кезектен тыс Жалпы жиналыстың шақырылуын талап ететін тұлға (тұлғалар) оған қол қоюы қажет. Директорлар Кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің мәжілісінде шешім қабылдауға және ондай шешім қабылданған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ондай талапты қойған тұлғаға қабылданған шешім туралы, кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы немесе оны шақырудан бас тарту туралы хабарландыруды жіберуге міндетті. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын ірі акционердің талабымен шақырудан бас тарту туралы директорлар Кеңесінің шешімі кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы талап қоюдың белгіленген тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ, кезектен тыс Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Заңнаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдана алады.

- 12.13. Жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Жалпы жиналыстың өткізілу күніне дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын акционерлердің танысуы үшін дайын әрі Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша қол жетерлік болуы қажет, ал акционер сұрау салған жағдайда сұрау салынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс. Құжаттар көшірмелерін дайындау мен құжаттардың жеткізілуі үшін шығындарды Қоғам көтереді.
- 12.14. Жалпы жиналыс ашылғанға дейін қатысуға келген акционерлерді немесе олардың уәкілеттендірілген өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі тиісті түрде ресімделген сенімхатты немесе Жалпы жиналысқа оның қатысу және дауыс беру өкілеттіктерін растайтын басқа уәкілеттендіретін құжатты көрсетуге тиіс.
- 12.15. Егер Жалпы жиналысқа қатысу үшін тіркеу аяқталған мезетте Қоғамның дауыс беретін (Жалпы жиналыс өтетін мезетте дауыс құқығы бар) акцияларының жиынтығында 50% (елу пайызын) немесе одан астамын иеленетін акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе өкілдері арқылы) тіркелсе, Жалпы жиналыс шешімдер қабылдауға құқықтық өкілетті болып табылады.
- 12.16. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдерде көрсетілген және Қоғамға Жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу мезетіне қарай келіп түскен дауыстар кворумды айқындау мен дауыс берудің қорытындыларын шығару кезінде есептеледі.
- 12.17. Жалпы жиналыста кворум болмаған жағдайда қайталама Жалпы жиналыс өткізіледі. Қайталама Жалпы жиналысты өткізу осы Жарғыда, Заңнамада және бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысты шақыру және өткізу туралы жарияланған хабарландыруда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қайталама Жалпы жиналыс шешімдерінің тек Жалпы жиналысты шақыру тәртібі сақталған жағдайда және тіркеу мезетінде оған қатысу үшін дауыс беретін акциялардың жиынтығында 40% (қырық пайызын) және одан астамын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе өзінің өкілі арқылы) тіркелген жағдайда ғана күші бар болады.

- 12.18. Жалпы жиналыс кворум болған кезде жарияланған уақытында ашылады. Жалпы жиналыс Жалпы жиналыстың төрағасын сайлайды. Ондай шешім қатысып отырған акционерлердің немесе олардың өкілдерінің дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Қоғамның Президенті, Басқарманың мүшелері, егер Заңнамада өзге ереже көзделмесе, Жалпы жиналыста төрағалық ете алмайды.
- 12.19. Жалпы жиналыстың күн тәртібі жиналыста өкіл етілген, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санындағы дауыстардың көпшілігімен бекітіледі. Жалпы жиналыстың күн тәртібі бекітілгенге дейін оған өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады, бұл орайда олардың енгізілуі үшін Жалпы жиналысқа қатысып отырған және жиынтығында дауыс беретін акциялардың, кем дегенде, тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс беруі керек. Күн тәртібі мәселенің шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырыла алады, бұл орайда орналастырылған (сатып алынғандарды есептемегенде) артықшылықты акциялардың жалпы санынан артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің кем дегенде үштен екі бөлігі оның енгізілуі үшін дауыс беруі керек.
- 12.20. Осы Жарғының 12.8. және 12.9. тармақтарында көрсетілген тұлғалардан басқа, Жалпы жиналысқа Жалпы жиналыстың қарауындағы мәселелер бойынша сәйкесінше директорлар Кеңесінің және Басқарманың ұсыныстарын беретін директорлар Кеңесінің Төрағасы мен Қоғамның Президенті, сонымен қатар Корпоративтік хатшы және Жалпы жиналыстың және/немесе директорлар Кеңесінің Төрағасының және/немесе Президенттің шешімімен өзге тұлғалар қатысуға құқылы. Көрсетілген тұлғаларға Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарламалар Жалпы жиналыстың өткізілетін күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.
- 12.21. Жалпы жиналыста дауыс беру «бір дауыс беретін акция – бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады, және әрбір акционер Жалпы жиналыста дауыс беру кезінде, Заңнамада көзделген жағдайларды есептемегенде, оған тиесілі дауыс беретін акциялардың санына тең дауыстар санына ие болады.
- 12.22. Жалпы жиналыста сырттай дауыс беру қолданыла алады. Сырттай дауыс беру Жалпы жиналыс өткізілместен жүргізіле алады. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) қолданыла алады. Сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында акционерлерге Жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін 40 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы керек. Дәл осы мерзімдерде акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс беру үшін бюллетень жіберілуі керек. Жалпы жиналыс сырттай дауыс беруді өткізу жолымен Қоғамның қызметі туралы кез келген мәселелерді шешуге құқықтық қабілетті. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдер Жалпы жиналысты өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда күші бар болып табылады. Сырттай дауыс беру Заңнамада көзделген тәртіппен өткізіледі.
- 12.23. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Жалпы жиналыстың хатшысы қызметтерін жүзеге асырады, Жалпы жиналыстың хаттамасын жасайды және хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді. Жалпы жиналыстың хаттамасы Жалпы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ресімделеді.
- 12.24. Жалпы жиналыстың хаттамасы Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді.

## 13-БАП ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 13.1. Директорлар Кеңесі – Қоғамның бүкіл қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы. Директорлар Кеңесі өзінің қызметінде және шешімдер қабылдау кезінде Заңнаманы және осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 13.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
  - 13.2.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
  - 13.2.2. Жылдық және Кезектен тыс Жалпы жиналыстарды шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 13.2.3. Жалпы жиналыстың күн тәртібін жасау;
  - 13.2.4. жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 13.2.5. Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау, сонымен қатар Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын белгілеу әдістемесін әзірлеу;
  - 13.2.6. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
  - 13.2.7. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
  - 13.2.8. Басқарманың мүшелерін, оның ішінде Президентті сайлау мен олардың сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 13.2.9. Басқарма мүшелерінің және Президенттің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
  - 13.2.10. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметінің ақысы мөлшерін айқындау;
  - 13.2.11. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде, шектеусіз, аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, ішкі аудит қызметі туралы ережені, Қоғамның дивидендтік саясаты туралы ережені және тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі тәртіптерді бекіту;
  - 13.2.12. Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;

- 13.2.13. Қоғамның сәйкес қаржылық жылға бизнес-жоспарларын/техникалық жоспарларын, бюджеттері мен жұмыс бағдарламаларын жыл сайынғы бекіту және ондай бизнес-жоспарлардың/техникалық жоспарлардың, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттерінің мақсаттарының және/немесе жалпы құнының өзгеруіне байланысты іштей бекітілген бизнес-жоспарларға/техникалық жоспарларға, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттеріне өзгертулер енгізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 13.2.14. Қоғамның ондай мәмілелердің баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 400 000 000 (төрт жүз миллион) теңгеге баламалы, бірақ 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеден аспайтын, сәйкес қаржылық жылда Қоғамның сәйкес қаржылық жылға бекітілген бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын кез келген мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын (оның ішінде, шектеусіз, кез келген жылжитын және жылжымайтын мүлікке, қатысу үлестеріне, бағалы қағаздарға, мүліктік құқықтарға және қызметтерге қатысты мәмілелер) жасасуы жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 13.2.15. ондай мәмілелерді жасасуға мүдделі және ондай мәмілелердің баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеден аспайтын жағдайда, Қоғамның сәйкес қаржылық жылға бекітілген бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 13.2.16. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13.2.17. Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10% (он пайызын) және одан астамын сатып алу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 13.2.18. Жалпы жиналыс акционерлерінің (қатысушылардың) заңды тұлғалардың, қоғамға қарасты (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан астам акция пайыздарының, қызметтерінің сұрақтары бойынша шешім қабылдау;
- 13.2.19. Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10% (он пайызын) және одан астамын құрайтын шамаға көбейту;
- 13.2.20. бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау және Қоғамның тіркеушісімен бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу шартын бекіту;
- 13.2.21. Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

- 13.2.22. Қоғамның жер қойнауын пайдалану құқықтарын кепілге салу/оларға ауыртпалық салу туралы шешімдер қабылдау;
- 13.2.23. стратегиялық жоспарлау, корпоративтік жанжалдарды реттеу, әдеп жөніндегі комитеттерді және қажет болған жағдайда, басқадай комитеттерді құру туралы шешімдер қабылдау;
- 13.2.24. Қоғамның ішкі аудит қызметін құру және оның жұмыскерлерінің өкілеттіктер мерзімін белгілеу, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 13.2.25. Қоғамның лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің толық материалдық жауапкершілігі туралы шарттардың нысанын бекіту;
- 13.2.26. Басқарманың ұсынысы бойынша Қоғамның ішкі аудит қызметіне кіретін жұмыскерлерге және Қоғамның Қаржы бақылаушысына мадақтау шараларын қолдану және тәртіптік жазалар тағайындау;
- 13.2.27. акционерлердің Қоғамның пайдасына қарыздар беру әдістемесі мен қағидаларын әзірлеу; және
- 13.2.28. осы Жарғыда және Заңнамада көзделген, Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғамды басқару мен оның қызметінің өзге мәселелері.
- 13.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне Қоғам қатысушысы/акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қызметіне байланысты, осы Жарғының 13.2. тармағында көрсетілген мәселелерге (оның ішінде жасалатын мәмілелердің ақшалай шамалары) ұқсас барлық мәселелер де жатады.
- 13.4. Директорлар кеңесі, кем дегенде, 3 (үш) мүшеден тұрады, оның ішіне директорлар Кеңесінің Төрағасы кіреді. Бұл орайда директорлар Кеңесі мүшелерінің, кем дегенде, үштен бір бөлігі Заңнамаға сәйкес тәуелсіз директорлар болуы қажет. Директорлар Кеңесі мүшелерінің сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімі Жалпы жиналыс тарапынан белгіленеді. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта тағайындала алады.
- 13.5. Жоғары немесе арнайы орта білімі жоқ, немесе белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе жойылмаған соттылығы бар, не болмаса ондай қызметі кезінде банкрот болып танылған немесе сақтауға жабылған, санацияға немесе мәжбүрлі таратуға ұшыраған заңды тұлғаның ертеректе басқарушы жұмыскері болған тұлға ондай банкроттық, сақтауға жабу, санация немесе мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайды.
- 13.6. Директорлар Кеңесі мүшесінің мерзімінен бұрын құзіретінің тоқтауы, директорлар Кеңесінің жазбаша түрде хабарлауы негізінде жүзеге асады. Бұндай директорлар кеңесінің құзіреттілігі директорлар Кеңесінен аталмыш хабарлама алғаннан кейін тоқтатылады.
- 13.7. Директорлар Кеңесінің мәжілісін қажетінше директорлар Кеңесінің Төрағасы шақырады, оны шақыруға Төрағаның немесе Қоғам Басқармасының бастамасы (бірақ,



кем дегенде, үш айда бір рет), сонымен қатар, келесі тұлғалардың талабы негіз бола алады:

- 13.7.1. директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
  - 13.7.2. Қоғамның ішкі аудит қызметі;
  - 13.7.3. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым; және
  - 13.7.4. жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10% (он пайызын) немесе одан астамын иеленетін акционер.
- 13.8. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына директорлар Кеңесі мәжілісінің ұсынылып отырған күн тәртібін, сонымен қатар ондай күн тәртібіне қатысы бар қажетті материалдарды көрсететін тиісті жазбаша хабар беру арқылы жеткізіледі. Директорлар Кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда мәжілісті өткізуге ниет білдірген тұлға көрсетілген талаппен Қоғамның Президентіне жүгіне алады және Президент директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.
- 13.9. Директорлар Кеңесінің мәжілісін директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе, орынды болғанда, Қоғамның Президенті шақыру туралы талап келіп түскеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.
- 13.10. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне және, орынды болғанда, Президентке директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілетіндігі туралы хабарлама беру тәртібі директорлар Кеңесі тарапынан анықталады.
- 13.11. Директорлар Кеңесінің мүшесі Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасына директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Бұл жағдайда директорлар Кеңесінің мәжілісі басқа күнге ауыстырылады.
- 13.12. Егер мәжіліске директорлар Кеңесінің барлық мүшелері қатысса, директорлар Кеңесінің мәжілісі құқықтық өкілетті, кворумның шарттары сақталған болып табылады. Бұл орайда директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі директорлар Кеңесінің мәжілісіне телефондық конференц-байланыс арқылы қатысуға құқылы.
- 13.13. Егер директорлар Кеңесі өзге ережені белгілемесе, директорлар Кеңесінің мәжілістеріне директорлар Кеңесінің қарауындағы мәселелер бойынша Басқарманың нұсқауын беретін Қоғамның Президенті қатысуға тиіс. Ондай нұсқаулар мен оларға қатысты барлық материалдар директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне директорлар Кеңесінің мәжілісі өткізілетін күнге дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.
- 13.14. Директорлар Кеңесінің шешімі қарапайым жолмен, мәжіліске қатысып отырған директорлар кеңесінің көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар Кеңесінің мәжілісінде мәселелерді шешу кезінде директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысты иеленеді.
- 13.15. Директорлар кеңесі өзінің құзыретіне кіретін әлдебір мәселе бойынша шешім қабылдай алмаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшелерінің кворумы және/немесе бірауызды шешімі болмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы дереу Жалпы

жиналысты шақыруға және ондай мәселені Жалпы жиналыстың қарауына беруге міндетті.

- 13.16. Директорлар Кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізбей-ақ сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді директорлар Кеңесінің Төрағасы қабылдайды. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешім Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес болуы қажет.
- 13.17. Сырттай дауыс беру директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға құқылы тұлғалардың бастамасымен жүзеге асырылады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Президентке) жазбаша түрде берілуге және нақты әрі бір мағыналы түрде тұжырымдалған, дауыс беруге шығарылған мәселені (мәселелерді) баяндауға тиіс.
- 13.18. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нышандағы бюллетеньдер мен дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдар жіберіледі (таратылады). Дауыс беру бюллетенінде мынадай мағлұматтар болуға тиіс:
- 13.18.1. Қоғамның толық атауы;
  - 13.18.2. мәжілісті өткізуді бастаған тұлға туралы мәлімет;
  - 13.18.3. дауыс беру бюллетеньдерін тапсырудың ақырғы күні;
  - 13.18.4. нақты әрі бір мағыналы тұжырымдалған, дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) және сәйкес мәселе(лер) бойынша шешім қабылдау үшін танысу қажет болатын материалдар;
  - 13.18.5. «иә», «жоқ», «бас тартамын» сөздерімен белгіленген дауыс беру варианттары; және
  - 13.18.6. бюллетенді толтыру тәртібі жөнінде түсініктемелер.
- 13.19. Директорлар Кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделеді және оған директорлар Кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдер қоса тіркеледі.
- 13.20. Директорлар Кеңесінің мәжілісінде Корпоративтік хатшы хаттаманы жүргізеді, оны директорлар Кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшы ресімдеп, оған мәжіліс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Төраға мен хатшы және директорлар кеңесінің мүшелері қол қояды.
- 13.21. директорлар Кеңесі мәжілісінің хаттамасында мынадай мәлімет болуы қажет:
- 13.21.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
  - 13.21.2. мәжіліс өткізілетін күн, уақыт және орын;
  - 13.21.3. мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
  - 13.21.4. мәжілістің күн тәртібі;

- 13.21.5. дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің директорлар Кеңесі мүшесінің күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша директорлар Кеңесінің мәжілісінің қорытындылары бойынша;
- 13.21.6. қабылданған шешімдер; және
- 13.21.7. директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

#### **14-БАП ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ**

- 14.1. Қоғамның ағымдық қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.
- 14.2. Басқарманың басшылығын Басқарманың мүшесі болып табылатын Қоғамның Президенті жүзеге асырады. Президент Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 14.3. Басқарма өзінің қызметінде және шешімдер қабылдау кезінде Заңнама мен осы Жарғыны басшылыққа алады және Жалпы жиналыс пен Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 14.4. Басқарманың сандық құрамы, өкілеттіктерінің мерзімі, Президент пен Басқарманың мүшелерін сайлау, олардың лауазымдық айлықақысының мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу, сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу Қоғамның директорлар Кеңесі тарапынан жүзеге асырылады.
- 14.5. Басқарманың мүшелері мен Президентті директорлар Кеңесі 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайлайды. Басқарманың мүшесі немесе Президент сайлаған тұлға шексіз мәрте қайта сайлана алады. Басқарма мүшелерінің және Президенттің өкілеттіктері мынадай жағдайларда: ерікті жұмыстан кету, директорлар Кеңесінің шешімімен немесе Заңнамада көзделген өзге жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатыла алады.
- 14.6. Басқарма мүшелерінің біреуін міндетті тәртіппен Қоғамның директорлар Кеңесі, Қаржы Бақылаушысы тағайындайды.
- 14.7. Жоғары немесе арнайы орта білімі жоқ, немесе белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе жойылмаған соттылығы бар, не болмаса ондай қызметі кезінде банкрот болып танылған немесе сақтауға жабылған, санацияға немесе мәжбүрлі таратуға ұшыраған заңды тұлғаның ертеректе басқарушы жұмыскері болған тұлға ондай банкроттық, сақтауға жабу, санация немесе мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Президент немесе Басқарманың мүшесі болып сайлана алмайды.
- 14.8. Басқарма Қоғамның өзге органдарының қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша өзінің ұсыныстарын дайындайды және ондай ұсыныстарды барлық қажетті материалдармен бірге Қоғамның тиісті басқару органдарына жібереді.
- 14.9. Басқарманың құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 14.9.1. Қоғамның ағымдық қызметін басқару;

- 14.9.2. Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 14.9.3. директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның сәйкес қаржылық жылға бизнес-жоспарларына/техникалық жоспарларына, бюджеттері мен жұмыс бағдарламаларына толық сәйкес келетін кез келген мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын (оның ішінде, шектеусіз, кез келген жылжитын және жылжымайтын мүлікке, қатысу үлестеріне, бағалы қағаздарға, мүліктік құқықтарға және қызметтерге қатысты мәмілелер) Қоғамның жасасуы жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 14.9.4. осы Жарғының 13.2.15. тармағында көрсетілгендей Қоғам оларды жасасуға мүдделі мәмілелерді есептемегенде, баланстық немесе, орынды болғанда, нарықтық құны 400 000 000 (төрт жүз миллион) теңгеге баламалы сомадан аспайтын, директорлар Кеңесі бекіткен сәйкес қаржылық жылға Қоғамның бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, бюджеттерінің және жұмыс бағдарламаларының мөлшерлеріне кірмейтін және/немесе олардан асатын кез келген мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын (оның ішінде, шектеусіз, кез келген жылжитын және жылжымайтын мүлікке, қатысу үлестеріне, бағалы қағаздарға, мүліктік құқықтарға және қызметтерге қатысты мәмілелер) Қоғамның жасасуы жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 14.9.5. Қоғамның қатысушысы/акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарына қатысу және дауыс беру үшін Қоғамның өкілін тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату, бұл орайда Қоғамның ондай өкілі тек Қоғамның қатысушысы/акционері болып табылатын заңды тұлғалардың қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құзыретіне кіретін Қоғамның сәйкес органдарының алдын ала шешімдеріне сәйкес қана дауыс беруге міндетті;
- 14.9.6. Қоғамның бекітілген бизнес-жоспарларының, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттерінің шектерінде немесе Қоғамның тиісті органдары өздерінің құзыретінің шектерінде қабылдаған өзге шешімдердің шектерінде Қоғамның ай сайынғы төлемдер жоспарын бекіту;
- 14.9.7. Қоғам жұмысшыларының штаттық санын, жұмыс өтеуінің көлемін және жүйесін, жалақы мен үстемеақылардың көбейюін бекіту; және
- 14.9.8. Қоғамның оқу орталықтарын, зертханаларды құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;
- 14.10. Басқарманың мәжілістері Басқарманың кез келген мүшесі тарапынан қажетінше, немесе Басқарманың мәжілістеріне қатыса алатын директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің талабымен шақырылады.
- 14.11. Басқарманың мүшесі Қоғамның Президентіне Басқарманың мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Бұл жағдайда Басқарманың мәжілісі басқа күнге ауыстырылады.
- 14.12. Директорлар Кеңесінің мүшелері Басқарманың мәжілістеріне қатысуға және Басқарма тарапынан қаралатын мәселелер бойынша өздерінің ұсыныстарын беруге

құқылы. Басқарманың мәжілістеріне директорлар Кеңесі мүшелерінің қатысуы мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, Президент немесе ол тағайындаған тұлға директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне Басқарманың сәйкес мәжілісінің өткізілетіндігі туралы ондай мәжілісте қарастырылатын мәселелерді көрсете отырып, сәйкес мәжілістің өткізілетін күніне дейін кем дегенде 1 (бір) жұмыс күні бұрын хабарлауға міндетті.

- 14.13. Басқарманың мәжілісіне Басқарманың барлық мүшелері қатысса, Басқарманың мәжілісі құқықтық өкілетті, кворумның шарттары сақталған болып табылады. Бұл жағдайда Басқарманың немесе директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі Басқарманың мәжілісіне телефондық конференц-байланыс арқылы қатысуға құқылы.
- 14.14. Басқарманың мәжілісінде шешімдер бірауыздан қабылданады. Басқарманың мәжілісінде мәселелерді шешу кезінде Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.
- 14.15. Басқарма өзінің құзіретіне кіретін қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылдай алмаған жағдайда, Басқарма мүшелерінің кворумы және/немесе бірауызды шешімі болмаған жағдайда, Президент дереу директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға және ондай мәселені директорлар Кеңесінің қарауына беруге міндетті. Бұл орайда директорлар Кеңесі көрсетілген мәселені директорлар Кеңесінің қарауына берілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде қарауы керек.
- 14.16. Қоғамды басқару шешімінің хаттамасы корпоративтік хатшысымен ресімделіп, мәжіліске қатысып отырған барлық Басқару мүшелерінің қолдары қойылып, дауыс беруге қойылған сұрақтарды қамтып, әр сұрақ бойынша әр Басқару мүшесінің дауыс беруінің қорытындысы болуы тиіс.
- 14.17. Қоғамның Президенті:
  - 14.17.1. Қоғамның Жалпы жиналысының, директорлар Кеңесінің және Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
  - 14.17.2. Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сондай-ақ, барлық ұйымдарда, органдар мен мекемелерде Қоғам атынан өкілдік етеді;
  - 14.17.3. Басқарма құзыретінің және/немесе Басқарманың сәйкес шешімдерінің шектерінде үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
  - 14.17.4. Басқарма шешімінің негізінде (Басқарма құзыретінің шектерінде) Қоғамның атынан ондай шешімді орындау мақсатында кез келген мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;
  - 14.17.5. Директорлар кеңесі шешімінің негізінде (директорлар Кеңесі құзыретінің шектерінде) Қоғамның атынан ондай шешімді орындау мақсатында кез келген мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;
  - 14.17.6. Жалпы жиналыс шешімінің негізінде (Жалпы жиналыс құзыретінің шектерінде) Қоғамның атынан ондай шешімді орындау мақсатында кез

келген мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;

- 14.17.7. Басқарманың және/немесе директорлар Кеңесінің және/немесе Жалпы жиналыстың шешімінің негізінде өз құзыреттерінің шектерінде Қоғамның атынан заңды және жеке тұлғаларға шағым-арыздар мен талаптар қояды және Қоғамға қойылған шағым-арыздар мен талаптарды қанағаттандырады;
  - 14.17.8. Қоғамға жұмыскерлер қабылдайды, оларды бір лауазымнан басқа лауазымға ауыстырады және жұмыстан босатады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді, Қоғамның материалдық жауапты тұлғаларының тізімін жасап, жүргізеді және Қоғамның олармен директорлар Кеңесі бекіткен нысан бойынша толық материалдық жауапкершілік туралы шарттарды уақтылы жасасып отыруын қамтамасыз етеді, Қоғамның ішкі аудит қызметіне кіретін жұмыскерлер мен Қоғамның Қаржы бақылаушысынан басқа, Қоғамның жұмыскерлеріне мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жазалар тағайындайды;
  - 14.17.9. Қоғам жұмыскерлерінің қызметтік еңбекақысын, Қоғамдағы штаттық кестеге сәйкес дербес еңбекақы қосылуын орнатады;
  - 14.17.10. Басқару мүшелері арасындағы міндеттемелерді, және де құзіреттілік саласындағы және жауапкершіліктерін бөледі; және
  - 14.17.11. осы Жарғыда және Жалпы жиналыстың, директорлар Кеңесінің және Басқарманың шешімдерінде белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.
- 14.18. Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Басқарма және Президент шешімдер, бұйрықтар, нұсқаулықтар, жарлықтар мен Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін атқарылуы міндетті болатын басқа да актілер шығарады.

## **15-БАП КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

- 15.1. Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның белгілі бір жұмыскерін Корпоративтік хатшы етіп тағайындайды. Ондай жұмыскер директорлар Кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының мүшесі бола алмайды. Корпоративтік хатшы өзінің қызметінде Қоғамның директорлар Кеңесіне есеп береді.
- 15.2. Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Қоғамның директорлар Кеңесі мен Басқармасының Жалпы жиналыстарын, мәжілістерін дайындауды және жүргізуді бақылайды, Жалпы жиналыстың, директорлар Кеңесінің және Қоғам Басқармасының мәжілістерінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, Жалпы жиналыстың, директорлар Кеңесі мен Басқарма мәжілістерінің хаттамаларын жасайды, сонымен қатар директорлар Кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асырады.

## **16-БАП ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАҚЫЛАУ**

- 16.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін (Басқарма мен Президенттің қызметін) бақылауды жүзеге асыру үшін Жалпы жиналыс директорлар Кеңесі мүшелерін тағайындайтын Қоғамның ішкі аудит қызметін құра алады.

- 16.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін іштей бақылауды, сондай-ақ Қоғамның жылдық қаржылық есебін оны Жалпы жиналысқа қарауға және бекітуге бергенге дейін тексеру жасауды жүргізуі қажет. Президент және Қоғамның өзге лауазымды тұлғалары ішкі аудит қызметімен Қоғамның қызметін оның тексеруіне байланысты бірлесе қызмет етуге, соның ішінде, шектеусіз, ішкі аудит қызметі талап еткен кез келген құжаттарды немесе ақпаратты беруге міндетті.
- 16.3. Қоғамның Қаржы бақылаушысы өзіне жүктелген қызметтермен қатар:
- 16.3.1. Қоғамның сәйкес басқару органдары қабылдаған шешімдердің шектерінде Қоғам жүргізуге тиіс болған барлық төлемдердің күнделікті тізілімін ұйымдастырады және оны Президентке бекітуге тапсырады;
- 16.3.2. Қоғамның сәйкес басқару органдары қабылдаған шешімдердің шектерінде Қоғам жүргізуге тиіс болған барлық төлемдердің ай сайынғы жоспарын жасауды ұйымдастырады;
- 16.3.3. жүргізілетін Қоғамның төлемдері Қоғамның сәйкес басқару органдары қабылдаған шешімдердің шектерінде бекітілген жоспарлар мен төлемдер тізілімдеріне сәйкес келуін бақылайды.
- 16.4. Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қаржы бақылаушысының өзінің қызметтерін атқаруға байланысты сұратқан Қоғамның қызметі туралы барлық құжаттарды/ақпараттарды Қаржы бақылаушысына кідіртпестен беруге міндетті.
- 16.5. Басқарма директорлар Кеңесіне және, орынды болғанда, Жалпы жиналысқа дүркін-дүркін (жылдың, және жарты жылдың қорытындылары бойынша) ұсынуы тиіс:
- 16.5.1. сәйкес кезеңдердегі бекітілген бизнес-жоспарлармен/техникалық жоспарлармен, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттермен салыстырғанда, мақсаттарына жету деңгейі көрсетілген, Қоғам мен Қоғамның еншілес ұйымдарының бизнес-жоспарларының/техникалық жоспарларының, жұмыс бағдарламалары мен бюджеттерінің орындалуы туралы есептерді;
- 16.5.2. (есептік кезеңдегі) пайдалар мен залалдар туралы есепті (тиісті егжей-тегжейлі деректерімен бірге); және
- 16.5.3. сәйкес есепте көзделген ай аяқталған күннен басталатын 12-айлық кезеңге есептелген ақша қаражаттарының қозғалысы болжамын (тиісті егжей-тегжейлі деректерімен бірге) тапсырып отыруға міндетті.

## 17-БАП

### ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- 17.1. Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді және қаржылық есептілік береді. Қоғамда бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуы, оның жағдайы мен шынайылығы үшін, қаржылық есептіліктің тиісті мемлекеттік органдарға уақтылы берілуі үшін, сондай-ақ, акционерлерге және бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін Қоғам қызметі туралы мәліметтер үшін жауапкершілік Қоғам Президентінің бұйрықтарымен аталған әрекеттерге жауапты болатын тұлғаларға артылады.

- 17.2. Жылдық қаржылық есептілікті директорлар Кеңесі Жылдық жалпы жиналыс өтетін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жылдық жалпы жиналыста жүргізіледі.
- 17.3. Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.
- 17.4. Заңнамаға сәйкес міндетті түрде жариялауға жататын Қоғамның әрекеті туралы хабарландырулары мен басқа ақпараттары, егер Жалпы жиналыс өзге бұқаралық ақпарат құралын белгілемесе, «Егемен Қазақстан» немесе «Казахстанская правда» газетінде жарияланады.
- 17.5. Өзінің мүддесіне әсер ететін Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу мақсатында Қоғамның акционері Қоғамның Президентіне жазбаша түрде жүгіне алады. Қоғам акционерінің мүддесіне әсер ететін ақпарат осы Жарғыға және Заңнамаға сәйкес анықталады. Акционердің мұндай жүгінуі Қоғамның кіріс құжаттарын тіркеу кітабында тіркелуге тиіс. Қоғам акционерге талап етілген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, орынды болғанда, Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналдыру және айырбастаудың жеке мәселелерін реттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия болып табылатын құжаттарды акционердің талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде беруге тиіс. Құжаттардың көшірмесін беру үшін алынатын ақы Президент тарапынан белгіленеді және құжаттардың көшірмесін жасау мен оларды акционерге жеткізу шығындарының құнынан аспауға тиіс.

## 18-БАП

### ҚОҒАМҒА ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

- 18.1. Қоғам сол тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі тарапынан берілетін мәліметтердің негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.
- 18.2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы төмендегідей ақпарат береді:

Жеке тұлғалар туралы:					
Тегі, аты, әкесінің аты (егер болса)	Жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұратын жері туралы мәліметтер	Туған күні	Үлестілікті тану негіздемелері	Үлестіліктің пайда болу күні	Ескертулер

Занды тұлғалар туралы:				
Занды тұлғаның толық атауы	Занды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, занды тұлғаның пошталық мекен-жайы мен нақты орналасқан жері	Үлестілікті тану негіздемелері	Үлестіліктің пайда болу күні	Ескертулер



- 18.3. Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның акционерлері мен үлестес тұлғалары тарапынан тұлғаларды үлестес тұлғалар деп тану үшін негіздеменің пайда болу (жойылу) күнінен бастап немесе акциялар сатып алынған немесе Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасасқан күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде беріледі.

### 19-БАП

#### ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 19.1. Қоғам Жалпы жиналыстың шешімімен ерікті түрде немесе соттың шешімімен мәжбүрлі түрде қайта құрыла алады. Қоғамды қайта құру қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару немесе қайта құру нысанында жүзеге асырыла алады. Қоғамды қайта құру Қоғамның құқықтары мен міндеттерінің оның құқықтық мирасқорларына өтуіне әкеледі. Қоғамды қайта құру Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
- 19.2. Қоғам Жалпы жиналыстың шешімімен немесе Заңнамамен көзделген негіздемелер бойынша соттың шешімімен таратыла алады.
- 19.3. Ерікті таратылу жағдайында, директорлар Кеңесі Қоғамды тарату және тарату комиссиясын тағайындау туралы мәселені Жалпы жиналыстың шешіміне шығарады. Тарату комиссиясы Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамды таратуды жүргізеді.
- 19.4. Мемлекеттік тіркеу органы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне сәйкес жазба енгізген мезеттен бастап тарату аяқталған, ал Қоғам өзінің әрекет етуін тоқтатқан деп саналады.

### 20-БАП

#### ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 20.1. Бұл Жарғы Қоғамның Жарғысының барлық алдыңғы нұсқаларының және оларға енгізілген өзгертулер мен толықытрулардың орнын басады.
- 20.2. Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қоғам Заңнаманы басшылыққа алуы қажет.
- 20.3. Бұл Жарғы Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Жоғарыда айтылғанның растамасы ретінде Қоғамның осы Жарғысына Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін жалғыз акционердің шешіміне (2011 жылғы 14 қарашаның Шешімі) сәйкес тиісті түрде уәкілеттендірілген тұлға тарапынан қол қойылды.



«Алтыналмас АҚ»

акционерлік қоғамының Басқарма мүшесі Рахишов Кайрат Карибаевич

